УДК 347.9
МРНТИ 10.07.01
DOI 10.56525/YJSS6526

МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Ж. Тажигалиева
Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау Университеті, Атырау, Қазақстан
e-mail:marta82atyrau@mail. ru

Аңдатпа. Бұл мақалада медиация институтының адам құқықтарын қорғаудағы рөлі, оның құқықтық табиғаты және Қазақстан Республикасындағы даму перспективалары қарастырылады. Қазіргі кезеңде соттарға түсетін жүктеменің артуы, құқықтық даулар санының көбеюі және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау қажеттілігі дауларды шешудің баламалы тәсілдерін дамытуды талап етеді. Осындай тетіктердің бірі ретінде медиация институты құқықтық қатынастар субъектілерінің мүдделерін қорғаудың тиімді құралы болып табылады. Зерттеу барысында медиацияның құқықтық негіздері, оның негізгі қағидаттары мен артықшылықтары талданып, адам құқықтарын қорғау жүйесіндегі маңызы анықталды. Сонымен қатар Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы бағаланып, оның дамуына әсер ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік факторлар қарастырылды. Шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау негізінде медиацияның құқықтық дауларды шешудегі тиімділігі, сот жүктемесін азайтудағы рөлі және қоғамдық келісімді нығайтудағы маңызы айқындалды. Зерттеу нәтижелері медиацияның азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қолжетімді әрі нәтижелі механизмі екенін көрсетті. Сонымен бірге медиация институтын одан әрі жетілдіру мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, медиаторларды даярлау жүйесін жетілдіру, сотқа дейінгі татуластыру рәсімдерін кеңейту және халықаралық тәжірибені енгізу бойынша ұсыныстар берілді. Зерттеу қорытындылары медиация институтының құқықтық мемлекетті дамытудағы және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызын дәлелдейді.

Түйін сөздер: медиация, адам құқықтары, дауларды баламалы шешу, медиатор, татуластыру рәсімдері, құқықтық қорғау, азаматтық қоғам, құқықтық мәдениет, соттан тыс реттеу, құқықтық мемлекет.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында адам құқықтарын қорғау мәселесі мемлекеттердің құқықтық саясатының негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Құқықтық мемлекет құрудың басты көрсеткіштерінің бірі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау механизмдерінің болуы болып табылады. Дегенмен қоғамдық қатынастардың күрделенуі, әлеуметтік және экономикалық байланыстардың кеңеюі, азаматтар мен ұйымдар арасындағы құқықтық даулар санының артуы сот жүйесіне түсетін жүктемені едәуір көбейтуде. Мұндай жағдайда құқықтарды қорғаудың дәстүрлі соттық тәсілдерімен қатар баламалы құқықтық институттарды дамыту қажеттілігі туындайды.

Дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің ішінде медиация институты ерекше орын алады. Медиация – тараптардың ерікті келісімі негізінде тәуелсіз әрі бейтарап тұлғаның, яғни медиатордың көмегі арқылы өзара қолайлы шешімге қол жеткізуге бағытталған рәсім. Бұл институт көптеген мемлекеттерде құқықтық дауларды шешудің тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылып келеді. Медиация тек қана құқықтық дауларды реттеу құралы емес, сонымен бірге қоғамдық келісімді нығайтудың, әлеуметтік шиеленісті төмендетудің және құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызды тетігі болып саналады.

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде сот жүйесінің шамадан тыс жүктелуі өзекті мәселеге айналған. Соттардың жұмыс көлемінің артуы істерді қарау мерзімдерінің

ұзақтауына, азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізу мүмкіндіктерінің шектелуіне және сот шығындарының көбеюіне әкеледі. Осыған байланысты халықаралық тәжірибеде дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, оның ішінде медиацияны дамытуға ерекше назар аударылуда. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа Кеңесі және басқа да халықаралық ұйымдар медиацияны құқықтарды қорғаудың тиімді механизмі ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасында медиация институты салыстырмалы түрде жаңа құқықтық құбылыс болып табылады. Оның құқықтық негізі 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қаланды [1]. Аталған заңның қабылдануы құқықтық дауларды шешудің жаңа мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Кейіннен Азаматтық процестік кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтырулар медиация рәсімдерін сот ісін жүргізудің маңызды элементіне айналдырды [2].

Қазақстанда медиация институтының дамуына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Бұл үрдіс сот реформаларының негізгі бағыттарымен де тығыз байланысты. Мемлекет басшысы бірнеше рет соттарға түсетін жүктемені азайту, татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану және дауларды бейбіт жолмен шешу мәдениетін қалыптастыру қажеттігін атап өткен болатын. Соның нәтижесінде медиация рәсімдері азаматтық, еңбек, отбасылық және кейбір қылмыстық-құқықтық қатынастар саласында белсенді қолданыла бастады.

Медиацияның басты ерекшелігі - оның тараптардың өзара мүдделерін ескере отырып, екі жаққа да тиімді шешім қабылдауға бағытталуында. Сот процесінде әдетте бір тарап жеңіп, екінші тарап жеңіліс табады. Ал медиация барысында тараптар өзара келісімге келіп, болашақтағы қарым-қатынастарын сақтап қалуға мүмкіндік алады. Бұл әсіресе отбасылық, еңбек және көршілік қатынастардан туындайтын даулар үшін маңызды.

Сонымен қатар медиация рәсімі адам құқықтарын қорғаудың заманауи құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Себебі ол азаматтардың сотқа қолжетімділік құқығын кеңейтеді, құқықтық дауларды шешудің тиімді әрі қолайлы тетігін ұсынады және құқықтарды қалпына келтірудің жедел механизмін қамтамасыз етеді. Медиация рәсімінің құпиялылығы, еріктілігі және икемділігі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін барынша қорғауға мүмкіндік береді.

Соған қарамастан Қазақстандағы медиация институтының дамуы белгілі бір қиындықтармен қатар жүруде. Азаматтардың құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігі, медиация рәсімі туралы ақпараттың аздығы, кәсіби медиаторлардың даярлық деңгейінің әркелкілігі және қоғамдағы сот арқылы шешу мәдениетінің басымдығы медиацияның кең таралуына кедергі келтіреді. Сондықтан медиация институтының тиімділігін арттыру және оның адам құқықтарын қорғаудағы әлеуетін толық пайдалану ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Медиацияның қазіргі құқықтық жүйедегі орны мен рөлін айқындау қажеттілігімен түсіндіріледі. Әсіресе адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру жағдайында медиацияның құқықтық табиғатын, оның артықшылықтары мен проблемаларын кешенді талдау маңызды ғылыми және практикалық мәнге ие.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін медиация институты және адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құқықтық актілерге және халықаралық ұйымдардың құжаттарына талдау жүргізілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы медиацияның құқықтық реттелу тәжірибесі мен шетел мемлекеттерінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау жасалды. Жұмыс барысында медиация институтының адам құқықтарын қорғаудағы рөлін бағалау мақсатында заңнамалық базаға, ғылыми жарияланымдарға және құқық қолдану тәжірибесіне жүйелі талдау қолданылды. Сондай-ақ медиацияның тиімділігіне әсер ететін құқықтық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық факторлар қарастырылып, алынған мәліметтерді жинақтау мен қорытындылау әдістері пайдаланылды.

Зерттеуді талқылау және нәтижелері. Медиация институтының Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғаудың маңызды баламалы тетіктерінің біріне айналып келе жатырғаны белгілі. Қоғамдық қатынастардың күрделенуі, азаматтық, отбасылық және

еңбек дауларының көбеюі, сондай-ақ соттарға түсетін жүктеменің артуы медиация рәсімдерін кеңінен қолданудың қажеттілігін арттыруда. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен құқық қолдану тәжірибесін зерделеу нәтижесінде медиацияның дауларды бейбіт жолмен шешуде және азаматтардың құқықтарын қорғауда тиімді құралы.

Қазақстан Республикасында медиация институтының құқықтық негізі 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілді [1]. Заң қабылданғаннан кейін медиация азаматтық-құқықтық, еңбек, отбасылық және кейбір қылмыстық-құқықтық қатынастар саласында қолданылатын құқықтық механизм ретінде қалыптасты. Кейіннен азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру шеңберінде қабылданған өзгерістер мен толықтырулар медиация рәсімдерінің құқықтық мәртебесін күшейтіп, оларды қолдану аясын кеңейтті [2].

Талдау барысында соңғы жылдары Қазақстан соттарында татуластыру рәсімдерін қолдану көрсеткіштерінің артқаны байқалды. Бұл азаматтардың дауларды сотқа дейін немесе сот барысында өзара келісім арқылы шешуге деген қызығушылығының өскенін көрсетеді. Медиация рәсімдерін қолдану нәтижесінде тараптар арасындағы құқықтық дау ғана емес, олардың арасындағы әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарды сақтау мүмкіндігі де қамтамасыз етіледі.

Алынған мәліметтер медиацияның ең алдымен отбасылық дауларды шешуде тиімді екенін көрсетті. Ажырасу, балаларды тәрбиелеу тәртібін анықтау, алимент өндіру, мұрагерлік және туыстар арасындағы мүліктік даулар бойынша медиация рәсімдерін қолдану деңгейі жоғары болып табылады. Мұндай жағдайларда сот шешімі көбіне тек құқықтық мәселені шешсе, медиация тараптар арасындағы өзара түсіністікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде медиацияның адам құқықтарын қорғаудағы негізгі артықшылықтары анықталды. Біріншіден, медиация азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділік құқығын кеңейтеді. Тараптар өз мәселелерін қысқа мерзімде және салыстырмалы түрде аз шығын жұмсай отырып шеше алады. Екіншіден, рәсімнің құпиялылығы азаматтардың жеке өміріне қол сұқпаушылық құқығын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, медиация барысында қабылданған шешім тараптардың өз еркімен келісуі арқылы қалыптасатындықтан, оның орындалу деңгейі сот шешімдеріне қарағанда жоғары болады.

Медиацияның тиімділігіне қатысты халықаралық тәжірибе де оң нәтижелер көрсетеді. АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Канада мемлекеттерінде азаматтық және коммерциялық даулардың едәуір бөлігі медиаторлардың қатысуымен шешіледі [3]. Бұл мемлекеттерде медиация құқықтық жүйенің ажырамас элементіне айналып, соттардың жүктемесін азайтуға және дауларды шешу мерзімін қысқартуға мүмкіндік беруде.

Қазақстандағы медиация институтының дамуына кедергі келтіретін факторлар бар екеніде белгілі. Ең алдымен халықтың медиация туралы ақпараттану деңгейінің жеткіліксіздігі байқалады. Азаматтардың басым бөлігі әлі де болса құқықтық дауларды шешудің негізгі тәсілі ретінде сотқа жүгінуді қарастырады. Бұл жағдай медиация мәдениетінің толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Екінші маңызды мәселе – кәсіби медиаторлардың қызметіне байланысты экономикалық факторлар. Кейбір жағдайларда азаматтар қосымша қаржылық шығындарды болдырмау мақсатында медиация рәсімінен бас тартып, бірден сотқа жүгінеді. Сонымен қатар медиаторлардың саны мен кәсіби даярлық деңгейі өңірлер бойынша біркелкі емес.

Сонымен қатар, медиаторларды даярлау жүйесінде де белгілі бір проблемалардың бар. Қазіргі таңда медиаторларды оқытатын ұйымдардың саны артқанымен, олардың оқу бағдарламалары мен даярлау деңгейлері әртүрлі болып отыр. Бұл жағдай медиаторлардың кәсіби қызмет көрсету сапасына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты медиаторларды сертификаттау жүйесін жетілдіру және олардың біліктілігін тұрақты арттыру қажет.анықталды.

Медиация құқықтық дауларды шешуден бөлек, әлеуметтік маңызы бар институт. Медиация қоғамдық келісімді сақтауға, әлеуметтік шиеленісті төмендетуге және жанжалдардың ушығуына жол бермеуге ықпал етеді. Бұл әсіресе отбасы мүшелері, көршілер,

әріптестер немесе ұзақ мерзімді құқықтық қатынастармен байланысқан тұлғалар арасындағы дауларды шешу кезінде ерекше маңызға ие [4]. Медиация жанжал деңгейін төмендетуге, тараптар арасындағы өзара түсіністікті арттыруға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететінін атап көрсетеді.

Халықаралық ұйымдардың есептері де медиацияның тиімділігін растайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сәйкес, дауларды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерін дамыту құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға ықпал етеді [5]. Еуропа Кеңесінің ұсынымдарында да медиация азаматтардың құқықтарын қорғаудың қолжетімді әрі тиімді тетігі ретінде қарастырылады [6].

Шетелдік тәжірибені салыстыру нәтижесінде медиацияның табысты дамуы үшін бірнеше негізгі факторлар қажет. Олардың қатарына мемлекет тарапынан институционалдық қолдау көрсету, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, медиаторларды кәсіби даярлау жүйесін жетілдіру және дауларды жекелеген санаттары бойынша міндетті сотқа дейінгі медиация рәсімдерін енгізу жатады.

Жалпы алғанда алынған нәтижелер Қазақстан Республикасында медиация институтының даму әлеуеті жоғары екенін көрсетті. Медиация азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тетігі бола отырып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, соттардың жұмысын жеңілдетуге және қоғамдағы әлеуметтік келісімді нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге медиацияның тиімділігін арттыру үшін құқықтық реттеуді жетілдіру, халық арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту және медиаторлардың кәсіби даярлығын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет.

Медиация құқықтық дауларды шешудегі ғана емес, профилактикалық маңызы бар институт. Медиация әлеуметтік шиеленістің алдын алуға, құқық бұзушылықтардың қайталануын азайтуға және қоғамдағы жанжал деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Бұл әсіресе қазіргі қоғам жағдайында маңызды болып табылады, өйткені қоғамдық келісім мен әлеуметтік тұрақтылық мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі факторларының бірі саналады.

Сонымен қатар медиация институтының дамуы ұлттық құқықтық дәстүрлермен де үйлеседі. Қазақ халқының дәстүрлі билер соты дауласушы тараптарды татуластыруға және қоғамдық келісімді сақтауға бағытталған болатын. Қазіргі медиация институтының негізгі қағидаттары осы тарихи тәжірибемен үндес келеді. Сондықтан медиацияны дамыту ұлттық құқықтық мәдениеттің сабақтастығын сақтауға да мүмкіндік береді.

Медиацияны құқықтарды қорғаудың қосымша құралы ретінде ғана емес, құқықтық мемлекеттің маңызды институттарының бірі ретінде қарастыруға толық негіз бар. Оның әрі қарай дамуы азаматтардың құқықтарын қорғау сапасын арттырып қана қоймай, қоғамдағы тұрақтылық пен әлеуметтік келісімді нығайтуға да елеулі үлес қосады.

Қорытынды. Талдау нәтижелері медиация институтының қазіргі құқықтық жүйеде адам құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді баламалы тетіктерінің бірі болып табылатынын көрсетті. Қоғамдық қатынастардың күрделенуі, құқықтық даулар санының артуы және сот жүйесіне түсетін жүктеменің көбеюі жағдайында медиацияның маңызы жыл сайын артып келеді. Медиация тараптардың өзара келісімге келуіне мүмкіндік беретін, құқықтық дауларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін құқықтық институт ретінде қалыптасуда.

Қазақстан Республикасында медиация институтының құқықтық негіздері жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетті. 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен азаматтық процестік заңнаманың дамуы медиацияны құқықтық тәжірибеге енгізуге мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда медиация азаматтық, еңбек, отбасылық және қылмыстық құқықтық қатынастардың жекелеген санаттарында табысты қолданылып келеді. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттырып қана қоймай, соттардың жүктемесін азайтуға да ықпал етуде.

Медиацияның негізгі артықшылықтарына рәсімнің ерiктілігі, құпиялылығы, икемділігі, жеделдігі және тараптардың мүдделерін барынша ескеру мүмкіндігі жатады.

Медиацияның сот өндірісінен басты айырмашылығы – оның қарсыластық қағидатына емес, өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа негізделуінде. Нәтижесінде тараптар арасында ұзақ мерзімді әлеуметтік байланыстар сақталып, даудың қайталану ықтималдығы төмендейді.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Қазақстандағы медиация институтының дамуына кедергі келтіретін бірқатар факторлардың бар екенін көрсетті. Олардың қатарына халықтың құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігі, медиация рәсімі туралы ақпараттың аздығы, медиаторлардың кәсіби даярлығы деңгейінің әркелкілігі және азаматтардың дәстүрлі сот өндірісіне көбірек сенім артуы жатады. Бұл мәселелер медиацияның әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр.

Шетелдік тәжірибені талдау медиация институтының тиімділігі жоғары екенін көрсетті. АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Канада сияқты мемлекеттерде медиация құқықтық дауларды шешудің маңызды элементіне айналған. Көптеген жағдайларда сотқа дейінгі медиация рәсімдерін қолдану міндетті сипатқа ие. Мұндай тәжірибе дауларды шешу мерзімін қысқартып, сот шығындарын азайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу қорытындылары негізінде медиация институтын одан әрі дамыту мақсатында келесі ұсыныстар беруге болады:

– халық арасында медиацияның артықшылықтарын кеңінен насихаттау және құқықтық ағарту жұмыстарын күшейту;

– медиаторларды даярлау мен олардың кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру;

– әлеуметтік маңызы жоғары даулар бойынша сотқа дейінгі міндетті медиация элементтерін енгізу мүмкіндігін қарастыру;

– әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға тегін медиациялық көмек көрсету тетіктерін дамыту;

– медиация институтының қызметін цифрландыру және онлайн-медиация мүмкіндіктерін кеңейту;

– ұлттық құқықтық дәстүрлер мен халықаралық тәжірибені ұштастыру арқылы медиацияның тиімділігін арттыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы. 2011 жылғы 28 қаңтардағы №401-IV. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401

2. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы. 2021 жылғы 20 желтоқсан №84-VII. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000084

3. Andrews N. The Modern Civil Process: Judicial and Alternative Forms of Dispute Resolution. Cambridge University Press, 2021. – 684 p.

4. Кобегенова Г.Ж. Роль медиации в предотвращении бытового насилия// *Yessenov Science Journal*. 2024. №2(47). – С. 243–253.

5. United Nations. Guidance for Effective Mediation. New York: United Nations, 2021. – 26 p.

6. European Commission for the Efficiency of Justice (CEPEJ). Guidelines on Mediation. Strasbourg: Council of Europe, 2022. – 19 p.

REFERENCES

1. Law of the Republic of Kazakhstan “On Mediation” No. 401-IV dated January 28, 2011. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401

2. Law of the Republic of Kazakhstan “On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Improving Civil Procedural Legislation and Developing

Institutions for Extrajudicial and Pre-trial Dispute Resolution" No. 84-VII dated December 20, 2021. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000084

3. Andrews, N. *The Modern Civil Process: Judicial and Alternative Forms of Dispute Resolution*. Cambridge: Cambridge University Press, 2021. 684 p.

4. Kobegenova, G.Zh. The Role of Mediation in the Prevention of Domestic Violence. // *Yessenov Science Journal*. – 2024. – Vol. 47, №2. – P. 243–253.

5. United Nations. *Guidance for Effective Mediation*. New York: United Nations, 2021. 26 p.

6. European Commission for the Efficiency of Justice (CEPEJ). *Guidelines on Mediation*. Strasbourg: Council of Europe, 2022. 19 p.

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАЩИТЫ ПРАВ ГРАЖДАН ПОСРЕДСТВОМ РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ

Тажигалиева Марта Жанабаевна
Атырауский университет имени Халела Досмухамедова, Атырау, Казакстан
e-mail: marta82atyrau@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются роль института медиации в защите прав человека, его правовая природа и перспективы развития в Республике Казахстан. В современных условиях увеличение нагрузки на судебную систему, рост количества правовых споров и необходимость обеспечения эффективной защиты прав граждан требуют развития альтернативных механизмов разрешения конфликтов. В этом контексте медиация рассматривается как эффективный инструмент защиты интересов субъектов правоотношений и достижения взаимовыгодного соглашения между сторонами спора.

В статье проанализированы правовые основы медиации, её основные принципы и преимущества, а также определено её значение в системе защиты прав человека. Кроме того, дана оценка современному состоянию института медиации в Казахстане и рассмотрены правовые, экономические и социальные факторы, влияющие на его развитие. На основе сравнительного анализа зарубежного опыта раскрыта эффективность медиации при разрешении правовых споров, её роль в снижении нагрузки на судебную систему и укреплении общественного согласия.

Результаты проведённого анализа свидетельствуют о том, что медиация является доступным и эффективным механизмом защиты прав и законных интересов граждан. Вместе с тем предложены рекомендации по дальнейшему совершенствованию института медиации, включая повышение уровня правовой грамотности населения, совершенствование системы подготовки медиаторов, расширение процедур досудебного урегулирования споров и внедрение передового международного опыта. Полученные результаты подтверждают важную роль института медиации в укреплении правового государства и обеспечении социальной стабильности в обществе.

Ключевые слова: медиация, права человека, альтернативное разрешение споров, медиатор, примирительные процедуры, правовая защита, гражданское общество, правовая культура, внесудебное урегулирование, правовое государство.

ISSUES OF IMPROVING THE PROTECTION OF CITIZENS' RIGHTS THROUGH THE DEVELOPMENT OF THE MEDIATION INSTITUTION

Tazhigalieva Marta
Khalel Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan
e-mail: marta82atyrau@mail. ru

Abstract. This article examines the role of the mediation institution in the protection of human rights, its legal nature, and prospects for further development in the Republic of Kazakhstan. In the current context, the increasing workload of courts, the growing number of legal disputes, and the need to ensure effective protection of citizens' rights require the development of alternative dispute resolution mechanisms. One of the most effective instruments in this regard is mediation, which serves as a means of protecting the interests of subjects of legal relations and facilitating mutually beneficial settlements between disputing parties. The study analyzes the legal foundations of mediation, its core principles, and advantages, while also identifying its significance within the system of human rights protection. Furthermore, the current state of the mediation institution in Kazakhstan is assessed, and the legal, economic, and social factors influencing its development are examined. Based on a comparative analysis of international experience, the effectiveness of mediation in resolving legal disputes, reducing the burden on the judicial system, and strengthening social harmony is highlighted. The findings demonstrate that mediation is an accessible and efficient mechanism for protecting the rights and legitimate interests of citizens. In addition, recommendations are proposed to further improve the mediation institution, including increasing public legal awareness, enhancing mediator training systems, expanding pre-trial conciliation procedures, and incorporating best international practices. The results confirm the significant role of mediation in strengthening the rule of law and ensuring social stability in society.

Keywords: mediation, human rights, alternative dispute resolution, mediator, conciliation procedures, legal protection, civil society, legal culture, extrajudicial settlement, rule of law.